

VOLUME 2, SPECIAL ISSUE 3 Scientific Journal

ERUS

Educational Research in Universal Sciences



Scientific Journal Impact Factor : 5.564

ISSN: 2181-3515

Economics
Exact Sciences
Natural Sciences
Medical Sciences
Arts and Culture
Technical Sciences
Philological Sciences
Pedagogical Sciences
Psychological Sciences
Social Sciences and
Humanities

zenodo



PKP|INDEX

2023/5

ISSN 2181-3515
VOLUME 2, SPECIAL
ISSUE 3 MAY 2023



<https://erus.uz/>

**EDUCATIONAL RESEARCH IN UNIVERSAL SCIENCES
VOLUME 2, SPECIAL ISSUE 3, MAY, 2023**

EDITOR-IN-CHIEF

M. Kurbonov

Professor, Doctor of Pedagogical Sciences, National University of Uzbekistan

EDITORIAL BOARD

Sh. Otajonov

Professor, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, National University of Uzbekistan

I. Tursunov

Professor, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Chirchik State Pedagogical University

B. Eshchanov

Professor, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Chirchik State Pedagogical University

J. Usarov

Professor, Doctor of Pedagogical Sciences, Chirchik State Pedagogical University

G. Karlibayeva

Professor, Doctor of Pedagogical Sciences, Nukus State Pedagogical Institute

H. Jurayev

Professor, Doctor of Pedagogical Sciences, Bukhara State University

Y. Maxmudov

Professor, Doctor of Pedagogical Sciences, Termez State University

K. Ismaylov

Professor, Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Karshi State University

Sh. Sodikova

Doctor of Philosophy (Phd) in Pedagogical Sciences, National University of Uzbekistan

Sh. Pazilova

Doctor of Philosophy (Phd) in Pedagogical Sciences, Academy of the Armed Forces of the Republic of Uzbekistan

E. Xujanov

Doctor of Philosophy (Phd) in Pedagogical Sciences, Tashkent State Pedagogical University

H. Qurbanov

Doctor of Philosophy (Phd) in Pedagogical Sciences, Tashkent State Transport University

F. Khazratov

Associate Professor, Doctor of Philosophy (Phd) in Pedagogical Sciences, Bukhara State University

M. Mansurova

Associate Professor, Candidate of Pedagogical Sciences, Tashkent State Transport University

ИСЛАМДАҒЫ ЖАНҰЯ МӘСЕЛЕСІ. ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Оразалиева Айдана Нурлан қызы

Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Қазақ тілі және әдебиет бағытының 1-курс студенті

Кошанова Нилуфар Махсудовна

Ғылыми жетекшісі: phd Шыршық мемлекеттік педагогика университеті

АННОТАЦИЯ

Отбасы – бүкіл қоғамның ең шағын бөлігі. Жас жеткіншек өз отбасында ғылым білімнің алғашқы негіздерін үйренбесе, онда оның сырттан алған білімі жәй бір топырақ үстіне қалана салған кішкентай кірпіштей болары анық. Бұл жағынан алғанда әр адамның үйі тек тамақ ішіп дем алатын, кино көріп жататын видеосалон емес, сонымен қатар білім үйреніп, руханиятымызды рухани дамытатын медресе болуы тиіс. Жанұя адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам баласы шыр етіп дүниеге келген бастап сол жерден өсіп, дамып, ер жетіп отбасының тәрбиесін алады. Ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алмайды. Ел болам десең бесігінді түзе деген нақыл содан қалған.

Кілт сөздер. Неке, балиғат, құштарлық, бедеу, құмарланба, ғапыл қалма, құрсақ, ұрпақ, нәресте, былғамай ұлағатты сөз.

THE PROBLEM OF MARRIAGE IN ISLAM. THE ROLE OF PARENTS IN THE EDUCATION OF CHILDREN IN ISLAM.

ABSTRACT

The family is the smallest part of the whole society. If a young teenager does not learn the first basics of science in his family, then it is clear that the knowledge he receives from outside will be like a small brick that builds a city on the ground. From this point of view, every person's house should be not only a video salon where we can eat and breathe, but also a madrasa where we can learn and develop our spirituality. Family is the golden pillar of humanity. Because from the moment a human being is born, it grows, develops, becomes a man and receives the education of the family. Nothing can replace a parent's education towards a child. The proverb says that if you want to become a country, straighten your cradle.

Keywords: Marriage, puberty, desire, barrenness, do not be passionate, do not be indifferent, womb, offspring, baby, dirty words.

Кіріспе: Отбасы, неке, және бала тәрбиесі бұл ұғымдарды бір-бірінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Ислам дініндегі ең өзекті мәселенің бірі – отбасы. Отбасы – ата-ана, ерлі-зайыпты және балалардан тұратын кішкентай бір қоғам. Өмірде адамзаттың өмірінен ерекше орын алатыны ол – отбасы болып табылады. Алдымен тәрбиенің алғашқы қадамдары ананың құрсағына жан біткенінен бастау алады. Одан соң перзент өмірге келіп отбасы мүшелерінен көрген, білгендерін есту арқылы оған тәрбиенің алғашқы сатылары қойыла бастайды. Отбасы – ұлттық-рухани дәстүрлерді үйрететін мектеп. Тағы айта кетер болсақ отбасы – әйел мен еркектің табиғи физиологиялық және басқа қажеттерін (рухани, этикалық, эстетикалық, т.б.) өтеп ұрпақ өсіру арқылы қоғамды қалпына келтіретін дамытушы әлеуметтік топ болып табылады.

Негізгі бөлім: Аллаһ Тағала некеге ерекше сый берген. Некенің негізінде керемет, берекет пен қорғану, сақтану жатыр. Үйлену арқылы өмірін бір жүйеге келтірген адам, өзін Аллаһтың тыйым салған әрекеттерінен қорғап, ар-намысын былғамай сақтай алады. Қыз бен жігіттің бір-біріне махаббаты мен құштарлығы неке қидырудың арқасында ерекше бір мәнге ие болады. Бұл тұрғыда Пайғамбар с.ғ.с былай деген: «Бірін-бірін жақсы көретіндер үшін некеден артық сүйіспеншілікті арттыратын нәрсе көргем жоқ».

Исламда тәрбиенің бастауы мен нағыз орны отбасы болып есептеледі. Тек қана тәрбие жағынан бастау алатын емес, білім мен ғылымның да қайнар көзі болып табылады. Дін, тіл мәдениет, түсінік пен негізгі ой да осы ұяда қалыптасады. Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсең деген ұлағатты сөз осыдан қалған. Саналы ұрпақ болып жетілуде адамның әсері қоғамға да тиіп кетеді. Егер адам баласы өркендеу, мәдениет жақтан құлдилап бастаса онда ол қоғамның да бұзылуына алып келеді. Адам баласы алдымен саналы ұрпақты жетілдіру үшін бақыт не екенін түсіне білу керек. Өмірізден алып қарайтын болсақ бақыттың үлкен діңгегінің бірі жанға жайлы жар жолықтыру. Жар таңдауда да өте мұқият болу қажет. Бұл жайлы Пайғамбар Мұхаммед с.ғ.с: «Бір кісі әйел затына төрт ерекшелігі үшін некеленеді. 1) Діндарлығы, 2) тектілігі, 3) сұлулығы, 4) дүние-мүлкіне қарап үйленеді. Сен бұлардан діндарлығын таңда үйің берекеттенсін», - деп айтса қазақтың бас ақыны Абай атамыз:

Жасаулы деп, малды деп, байдан алма,

Кедей қыз арзан деп құмарланба.

Ақылы бар, ары бар, ұяты бар,

Ата-ананың қызынан ғапыл қалма – деп керемет өлең жолдарымен жеткізіп берген.

Отбасы тіктеген соң жұбайлардың мақтанышы, сүйеніші – сәби. Яғни ата-ана үшін бала өмірдің сәні. Сәби Аллаһ тағаланың ата-анаға берген аманаты. Олар оған жақсылық жасап, бағып қағуға міндетті болып табылады. Ата-ананың бала тәрбиесінде орын алатын өзінің міндеттері бар. Солармен танысар болсақ: Ең алдымен ата-ана перзенттерінің арасын алаламай барлығына тең дәрежеде көңіл бөлуі қажет. Жоғарыда айтқандай қандай жынысты перзент туылса да бөліп бармау керек. Қазірге күнде көп жанұялардан байқаймыз қыз бен ұл перзентті бөліп жатады. Қыз баласы өмірге келсе ешбір жазығы жоқ ананы жерден алып жерге салалары анық. Осыны ақылға салып ойланып, саналы түрде ержеткен әр бір азамат жаратылыс адамның қолында емес Алланың қолында екенін ойлау қабілеттеріне сіндіріп алса керемет болар еді. Бұл жайлы Құран Кәрімде былай делінген: «Көктер мен жердің иелігі тек Аллаһқа тән. Аллаһ қалағанын жаратады. Кімге қаласа қыздар, кімге қаласа ұлдар береді. Немесе ұлдар мен қыздарды жұп-жұбымен береді. Сондай-ақ қалағанын бедеу етеді. Күдіксіз ол толық білуші, аса күшті» (Шура сүресі 49-50 аят). Кейінгі ең маңызды міндеттерінің бірі – жақсы тәрбие беру. Баланы жас кезінен бастап жақсы мен жаманды, күнә мен сауапты әр бір ісін дұрыс жолда жасай алатындай етіп үйрету керек. Ата-ана барлық әдептілікті балаға үйретіп оған өздері де үлгі бола алулары керек. Себебі балаға мынау жаман оны жасама деп айтып, өзі сол жұмыстармен айналысып жүрген болса баланың психологиясына әрине кері ақпарат барып оның айтқан сөздерін қабылдамай қоюы әбден мүмкін. Кейінгі міндеті баланың алдында әурет жерлерін жауып, жаман сөз сөйлеуден тиылулары керек. Баланың алдында балағат сөздер сөйлеп, біреуді кемсітіп, күлуден сақ болу керек. Әл Фараби атамыз айтқандай баланың баланың санасы ақ қағаз сияқты. Нені жазса соны оқисың деген. Осылайша бала тәрбиесінде ата-ананың маңызы өте зор. Ата-ананың ғана емес қоршаған ортадағы адамдарының да әсері өтеді. Достар, құрбыларынан да мінез қалыптасады. Сол себепті баланы қараусыз қалдырмай, үнемі бақылауда ұстаған жөн. Балаларды үнемі сүйіспеншілікке бөлеп өсіру керек. Махаббатқа бөленіп өспеген бала өскенде жасқаншақ, өз ойын еркін жеткізе алмайтын, көпшілік ортада тартынып қалатын болып қалу ықтималдығы жоғары. Әкенің баланың алдындағы бірнеше міндеттері де бар. Олар : Бала туылғанда оған көркем есім беру; ес танитын уақытты құран оқып үйрету; үйлену жасына жеткенде оған лайықты жар таңдап үйлендіру. Балаға жақсы көркем мағынасы бар есіп беру әкесіне жүктелген міндеттердің бірі. Себебі балаға қашанда әкесінің аты қосылып айтылады. Тіпті

қиямет күні де ол әкесінің атымен қосылып шақырылады. Есім қойған кезде де әр түрлі есімдерді қойып кете беру дұрыс емес. Тыйым салынған есімдер де бар.

Ислам дініндегі бала тәрбиесінде құрсаққа біткен жас сәбиден бастап, еңбектеп қартайған шағына дейінгі ата-ана мен баланың орнын белгілеп кетер жәйттер өте көп. Сол міндеттерге мойынсұнып ата-ана мен бала өз құқықтары мен міндеттерін білім, тең дәрежеде дамып, өсіп барса қоғам гүлденіп кетері сөзсіз. Қазіргі күнде өзінің міндеттерін білмейтін әке-шеше мен перзенттер қоғамда өмір сүріп жатқан хақ. Бұл жағдай глобалл мәселе деп те қарастырсақ қате емес. Олар сол жағдайды көріп өскендіктен өз перзенттеріне де сол жағдайды қайталап көрсетуі де хақ. Бірақ осындай бумеранг болмауы үшін адам баласы білімі мен сана сезімін жетілдіру керек. Әр бір сана сезімі жетік білімі жоғары тұлға перзентінің төмен ойлау дәрежесінде өсіп жетілуіне жол бермейді. Қалайда болсын өз перзентін өзіне ұқсата тәрбиелеуге бейімделеді. Баяғы ата-бабаларымыз жасаған кезеңдер тәрбие құралы мықты болған. Көзге тіке қараудан ұялып, алдынан үлкен алам шықса айналып өтер дәрежеде тәрбие күшті болған. Бүгінгі күнді алып қарайтын болсақ жағдай біраз ушығып тұрғандай және жүректі қинайтындай. Жастар өз орнын біліп, ата-ана дұрыс тәрбие беріп, баланы қараусыз, сүйіспеншіліксіз, махаббатсыз қалдырмаса жүректі езетін жағдайлар орын алмас педі...

Қорыта айтқанда баланың жақсысы қызық, жаман күйік деп, баланың жақсы болуы ата-ананың жемісі. Бүгінгі бала – келешектің тұтқасы деп қазіргі ата-аналар Ислам дініндегі мәні терең, мазмұны тәрбие негіздерімен танысып, иманды, көргенді ұрпақ тәрбиелеп жатса, бұл тектілігіміз қайта оралғандығымыз ата-бабаларымыздың арманын орындағанымыз. Артынан сауап жолдап тұратын ізгі, иманды ұрпақ қалдыра білген ата-аналардың екі дүниеде де жүздері жарқын болмағы хақ. Отбасында ата-ана да баласын ұлтына, Отанына адал қызмет ету үшін дұрыс тәрбиелеуге тырысады. Тұңғыш Президентіміз Ислам Каримов: «Отбасы – өмірдің мәңгілігін, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін, киелі салт-дәстүрімізді сақтайтын, келешек ұрпаққа тікелей әсер ететін тәрбие ошағы» – деп айтқандай, отбасы – өмірдің мәңгілігін, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін тәрбие ошағы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Бабағаниұлы «Иманды отбасы Ислам әлемі» 1999 жыл.
2. А.Ашенұлы «Ер мен әйелдің әдептілік міндеттері» 2002 жыл.
3. Ж.Аманов «Исламдағы отбасының маңызы», «Ислам және өркениет» 2004 жыл.
4. А.Құнанбаев «Қарасөздер мен өлеңдер жинағы» Алматы 1994 жыл.
5. Ә.Тұрғынұлы «Мұсылман отбасының негіздері» 2005 жыл.
6. Құран Кәрім қазақ мағына және түсінігі. Мәдине 1991 жыл.

120

O‘ZBEKISTON RESPUBLIKASI SOLIQ TIZIMIDA AMALGA OSHIRILAYOTGAN ISLOHOTLAR

Anvarov Nozimjon

Page No.: 577-579

121

РОМАН ИСАДЖАНА СУЛТАНА “АЛИШЕР НАВОИ”

Мадаминова Дилнура Баходир кизи

Page No.: 580-582

122

JANGOVAR TRANSPORT VOSITALARIGA KO‘P FUNKTSIYALI QO‘SHIMCHALAR QO‘SHISH ORQALI MOTOR MOYLARINING EKSPLUATATSION XUSUSIYATLARINI YAXSHILASH

Shamansurov Baxtiyor Raximberdievich

Page No.: 583-587

123

SAID RIZO ALIZODANING “SARF-U NAHV” KITOBINI XUSUSIDA

Muhammadiyev Ibrohim Ibodullozoda

Page No.: 588-592

124

MEHNAT KONSEPTINI IFODALOVCHI MAQOLLARDA RAMZIYLIK

Yo‘ldosheva Nafisa Qudrat qizi

Page No.: 593-597

125

IMTT DA FAOLIYAT YURUTUVCHI PEDAGOG XODIMLARDA YUZAGA KELADIGA RUHIY HOLATLAR

Ataxanova. L.E.

Page No.: 598-600

126

ИСЛАМДАҒЫ ЖАНҰЯ МӘСЕЛЕСІ ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Оразалиева Айдана Нурлан қызы, Кошанова Нилуфар Махсудовна

Page No.: 601-605

127

TARJIMA MUAMMOLARI: PROSPER MERIMENING

“Mateo Falcone” asari tarjima va tahlili

Sultonova Z.O. Geldiboyeva S.R.

Page No.: 606-608